

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

№1

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1 «Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: Романова, Г.Б

Сопекова .У.С

Шымкент-2018

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1«Балапан» кіші тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні:28 Тамыз 2018ж

Өткізу уақыты: сағат 16:30

Бала саны: 20

Қатысқандар:18

Күн тәртібінде:

- 1.Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Ата-аналарды жаңа оқу жылындағы (2018-2019 ж) іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру.

Баяндамашы: :Романова Г.Б. оқыды.

Баяндама тіркелді

Жарыссөз:

Ата-ана: Келгенбаева Зауре сөз алды. Баланың тілін дамыту үшін, сөздік қорын молайту үшін не істеу керек?

Оған тәрбиеші:Романова Гүльжан жауап берді. Баланың тілін дамыту үшін үйде көбірек тақпақтар, санамақтар айтқызу керек. Баланың сұрағына дұрыс жауап беруге тырысыңыз. Баламен көбірек жұмыс жасағаныңыз дұрыс деп жауап берді.

Ата-ана:Өтегенова Перизат сөз алды,

-Бақшада баланың жылауына жол бермеу үшін ата-аналар не істеу керек?,- деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші:Сопбекова Улжан жауап берді:-

*Бақшаға баруына 3-4 ай бұрын нәрестеге психологиялық дайындық жүргізу;

*Бақшаның пайдасы туралы жиі айтып отырыңыз, мысалы: көптеген балалар олардың ересек адамболғанын естігенді ұнатады;

- *Бірінші күні балабақшада оны 2 сағаттан артық қалдырмаңыз;
- *Үйде өзіңізбен бірге ойыншық алуына рұхсат етіңіз (тым қымбат емес);
- *Анасы оны, мысалы, таңғы астан кейін, түскі астан немесе серуеннен кейін алатын уақытты нақты белгілеңіз;
- *Баламен сөйлесіп, одан әр күн сайын өткен күн туралы сұраңыз;
- *Сіз үшін қаншалықты қиын болса да, жүйкеңізге жүк түсірмеңіз және оны балаға көрсетпеңіз,-деп жауап берді.

2. Ата-аналардың ұсынысы бойынша, ата-аналар комитеті құрылды.

№1 «Балапан» кіші тобында ата-аналар комитеті сайланды.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Өтегенова Перизат
Ата-аналар комитетінің көмекшілері:
2. Абдрахманова Карима
3. Якубова Нилуфар

4. Әр түрлі мәселелер:

Тәрбиеші: Собекова Улжан балалардың күн тәртібін сақтау керектігін, төлемақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін төлеу керектігін ескертті. Балалардың тазалығына, денсаулығына көңіл бөлу керектігін айтты.

№1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

- 1.Ата-аналарды «Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру» атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.
- 2.Ата-аналар комитетінің мүшелері:
 1. Өтегенова Перизат
 - 2.Абдрахманова Карима
 - 3.Якубова Нилуфар болып сайлансын.

№2

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1 «Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: Романова,Г,Б

Сопекова .У.С

Шымкент-2018

№2 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1 «Балапан» кіші тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 20 Желтоқсан 2018ж

Өткізу уақыты: сағат 17:00

Бала саны: 24

Қатысқандар: 18

Күн тәртібінде:

1. «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гиеналық машықтарын арттыру» кеңес.
2. Күн тәртібінің бала өміріндегі орны БАЯНДАМА.
Баяндамашы: Сопбекова У.С.
Баяндама тіркелді.
3. Жаңа жылдық сыйлық туралы.
4. Әр түрлі мәселелер.

Кеңес:

1. «Дидактикалық ойын арқылы баланың мәдени-гигиеналық машықтарын арттыру» Тәрбиеші: Романова Г.Б. кеңес берді.
Ойын-мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып білу және білім мен тәрбие берудің тарихи қалыптасқан құралы. Арнайы топтастырылған түрлі ойындар мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулуға жәрдемдеседі, оларда жылдамдық пен күш, төзімділік пен икемділік дайындықтарын жетілдіру. Мектепке дейінгі балалық шақта заттардың, құбылыстардың, іс-пайдалануды талап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Ойында, сурет салуда, құрастыруда, жапсыруда, оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастар туралы білімді жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі, бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа

толық жауап бере алмайды. Бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауға тиіс. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімділігін арттырады. Ойын бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызығушылығынан туады, белсенділігімен ерекшеленіп, шығармашылығын, жоғары сезімділігін көрсетеді. Ойында ғана баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. «Ойын, сондықтан ойын, ол баланың дердестігі...» мен өз ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімде инновациялық ойын түрлерін жиі пайдаланамын. Инновациялық ойын барысында балалардың танымдық қабілетін, алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Тәрбиеші: Жузбаева Г.П. ата-аналарға кеңес берді.

Тыңдалды:

1. «Күн тәртібінің бала өміріндегі орны» атты баяндама оқыды.

Баяндаманы Сопбекова У.С. оқыды.

Баяндама тіркелді.

Жарыссөз:

Ата-ана: Келгенбаев Азат сөз алды,

-апталық оқу қызметі туралы айтып кетсеңіз?

Тәрбиеші: Романова Гүлжанұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы оқу сағаты 11 сағат, ұзақтығы 10-15 минут, 4 сала бойынша жұмыс жасаймыз - деп жауап берді.

Ата-ана: Ташалиева Гулноза балабақшаға таңғы нешеде келу керек? Деп сұрады.

Тәрбиеші: Сопбекова Улжан балабақшаға таңғы 8.15 – те келу қажет.

1. Әр түрлі мәселелер:

Тәрбиеші: Романова Гүлжан балалардың күн тәртібін сақтау керектігін, төлемақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін төлеу керектігін ескертті. Балалардың тазалығына, денсаулығына көңіл бөлу керектігін айтты.

№2 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналарды «Күн тәртібінің бала өміріндегі орны» атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.

2. Дидактикалық ойын арқылы мәдени-гигиеналық машықтықтарын арттыру атты кеңес берілсін.

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

№3

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1 «Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: Романова, Г.Б

Сопекова .У.С

Шымкент-2019

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1 «Балапан» ортаңғы тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 13 Мамыр 2019ж

Өткізу уақыты: сағат 16-30де

Бала саны: 20

Қатысқандар: 18

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылар: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы
2. «Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары» (кеңес)
3. «Жаз мезгілінде бала қауіпсіздігі» (жылжымалы папка)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Сопбекова Улжан «2019-2020ж Оқу жылының қорытындысын» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Байкизилова Камила баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші Сопбекова Улжан, - Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары мен тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша бақша медбикесі Зейнетова Зайтуна Смагуловна: «Жаз мезгіліндегі бала қауіпсіздігі туралы кеңестер беріп, жымалы папкалар көрсетті.

Кеңес:

«Жаз мезгілінде баланың денсаулығын нығайту жолдары»
Тәрбиеші: Романова Гүлжан кеңес берді.

Жаз мезгілінде балаларды шынықтыру Балаларды жазда шынықтыру, ата-аналарға баланың ағзасын нығайтуға көптеген мүмкіндік береді. Баланы жүйелі түрде шынықтыру үшін – денсаулығына және көтеріңкі көңіл күйіне қолайлы жағдай туғызу керек. Шынықтыру-ол біріншіден иммунитеті

нығайтуға көмектеседі және барлық ауруға қарсы күресетін ағзаның қорғау күшін күшейтеді. Шынықтырылмаған балаларға қарағанда, шынықтырылған балалар аз ауырады, тұмау тию кезінде де қорқынышты емес, сонымен қатар шынықтыру баланың физикалық және ойлау қабілеттерін жоғарлатуға көмектеседі, жүйе системасын нығайтады. Егер баланы жастайынан шынықтырса, нәтижесі ерекше болады. Бала дәрігерінің айтуы бойынша баланы бір айлық кезінен шынықтырған дұрыс. Шынықтырудың ең қолайлы уақыты – жаз мезгілі. Басқа жыл мезгіліне қарағанда, жаз уақытында шынықтыруды кеңінен қолдануға болады. Жаз кезінде – үйде, бөлмелерде емес, таза ауада шынықтыру шараларын жүргізуге болатын, керемет жыл мезгілі. Балаларды жазғы шынықтыру кезінде комплексті шынықтыру процесстеріне кіреді: су процедурасы, ауамен, күнмен, серуендеу, спорт түрлерімен белсенді айналысу, қимылды-қозғалыс ойындары. Осы барлық сауықтыру шараларын таза ауада өткізу керек. Шынықтыру шаралары баланың денсаулығына жас ерекшелігін сәйкес өткізіледі. Сондықтан жеке жұмыс жүргізіледі. Егер баланың денсаулығында кінәрат болса, онда бала дәрігерінен кеңес алу керек. Жазда су процедурасымен шынықтырғанда балаларды табиғи суларда шомылдырады. Бұл процедура үш жастан, күнделікті біртіндеп бастап үйретеді. Алғашқы кезде бала суда 3-5 минут қана болу керек, содан кейін баланы сүлгімен ұқыпты сүртіп құрғақ киімдер кигізу керек. Әр түскен сайын 3 минуттан көбейтіп отырады. Егер бала шынықпаған болса, суға түсіру процедурасын желді, бұлтты, суық ауа-райында суға түсуге болмайды. Жазда балалардың шынықтыру кезінде ауада сауықтыру ұсынады. Ауа арқылы - жазда жасыл өсімдіктер өсетін, таза ауада: бақшада, саябақта, су бойында алуға болады. Бұл барлық жас ерекшеліктердегі балаларға яғни жылы, желсіз, ашық күнді ауа-райында өте пайдалы.

Алғашқы процедура бастағанда үш жасқа дейінгі балаларды 5 минуттан басталады, күнделікті 3 минуттан қосылады. Ауада - баланы шешіндіріп, жалаңаяқ шөпте немесе құмда жүргізіп, аяғын сүртіп қайтадан аяқ киімін кидіруге болады. Жаз мезгілінде ауаны, күнді қабылдау өте пайдалы. Балаға күн сәулесі өте қажет, ағзаны Д – дәруменімен толтырады. Алғашқы кезде күнде 10 минут, ары қарай күнделікті 2 минуттан қосылып отырады. Бірақ көп уақыт күннің астында жүруге болмайды, өйткені басынан күн өтіп немес күйіп кетуі мүмкін. Күнауасын танертен сағат 9.00 ден 10.00 дейін және сағат 16.00 ден 17.00 алуға болады. Күннен қорғайтын крем жағуға кеңес береді. Жаз мезгілінде бала далада көп уақыт жүру керек. Балабақшада таза ауада күніне 2-3 рет шығады. Егер жаз кезінде бала балабақшада емес, үйде болса аулада құрдастармен әртүрлі ойындар ойнауға болады. Қазір барлық аулаларда әткеншек, футбол ойнайтын стадион, спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. мектепке дейінгі жастағы балаларды

үлкендердің қарауымен бірге ғана серуендеуге болады. Жаз мезгілінде балаларды комплексті шынықтыру процедурасын жүргізудің еш қиындығы жоқ, процесске ұқыпты қарап, жағымсыз жағдайларға жол бермеу керек.

№3 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1.Баяндаманы Сопбекова Улжан оқыды.

Ата-аналар баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.

2.Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.

3.Ата-аналар жалпы жаз мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі туралы мәлімет алды.

№1 «Балапан» кіші тобының 2018-2019 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық есебі. №1 «Балапан» кіші тобында 22 бала, оның 13 ұл бала, 9 қыз тәрбиеленуде.

«Балапан» кіші тобында оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекеттері, оқу стандартындағы төрт сала:

1. «Денсаулық»
2. «Коммуникация»
3. «Таным»
4. «Шығармашылық»

Төрт сала бойынша жоспар жасаланып жаңа оқу жылына мына міндеттерді алды.

1. Баланың өмірін сақтау ж/е денсаулығын нығайту толыққанды дене бітімін дамыту, ҚР-сы халықтарының ұлттық дәстүрі негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.
2. Баланың өз отаны мен туған өлкесіне деген сүйіспеншілігіне, мемлекеттік рәміздерге құрметпен, қоршаған ортаға, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Осы міндеттерді алға қоя отырып:

1. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандартты.
2. Мектепке дейінгі оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша айлық жоспар, циклограмма, техникалық карта жоспарланып отырды.

Балаларды өз туған жерін, елін сүйуге, ҚР-сы мемлекеттік рәміздерін, салт-дәтүрге құрметпен қарауға, патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізілді.

3. Балаларды қоршаған дүние, өзі ж/е әлеуметтік ортасы туралы алғашқы түсініктің тұтас бейнесін қалыптастыру. («Таным», «Коммуникация» білім салалары арқылы жүзеге асырылады).
Әр мерекеге байланысты ертеңгіліктер:

«Берекелі Алтын күз»

«Қош келдің жаңа жыл»

«Асыл ана – алтыным» атты ертеңгіліктер муз жетекшісінің ұйымдастырылуымен өтілді. Онда балалар өз өнерлерін көрсетті. Біздің топ қазіргі таңда көптеген көрнекіліктермен арнайы балалар ойнайтын орталармен жабдықталған, сонымен қатар дидактикалық ойындар орталығымен жабдықталған. Дидактикалық ойындар орталығымен балалардың ой-өрісін дамытуға арналған түрлі құрал жабдықтар бар.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында ертеңгілік жаттығулар жасалынып таза ауада серуен, күннің екінші жартысында тамақты тұзды сумен шаю, төсекте керіліп созылу жаттығулары үнемі жүргізіліп отырды. «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз», бағдарламалары бойынша айлық жоспар, циклограмма, технологиялық карта жоспарланып отырды. Балаларды өз туған жерін, елін сүйуге,

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздерін, салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға, патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында көптеген іс – шаралар өткізілді. Жыл бойында тәжірбиелер алмасу мақсатында басқа топтардағы тақырыптық ашық іс – әрекеттерге қатысып отырдық.

Алағы мақсат – міндет еліміздің болашағы бала бойына білім нәрін сусындатып өскелең ұрпаққа тәрбие беруге аянбай еңбек ету.